

SONY®

Дыбыс панелі

Бастапқы орнату нұсқаулығы



HT-CT370

Орнату


1	Жәшікте не бар	4
2	Орнату	5
3	Жалғау	6
4	Жүйені қосу	8
5	Дыбысты тыңдау	9

Негізгі әрекеттер


	Дыбыс әсерлерін қолдану	10
	Дыбысты BLUETOOTH құрылғыларынан тыңдау	12

Басқа мүмкіндіктер туралы ақпаратты берілген пайдалану нұсқауларынан қараңыз.


1 Жәшікте не бар



Панель динамигі (1)




Сабвуфер (1)



Қашықтан басқару құралы (1)




R6 (AA өлшемді) батареялары (2)



ТД үшін оптикалық сандық кабель (1)



Сабвуфер үшін динамик жастықшалары (4)



Қабырғаға орнатылатын кронштейндер (2) және винттер (2)





Бастапқы орнату нұсқаулығы (осы кітап) (1)




Пайдалану нұсқаулары (1)

Қашықтан басқару құралын орнату

Батарея бөлігінің қаппағын ашып, екі AA батареясын суретте көрсетілген бағыт бойынша салыңыз.



2 Орнату



Панель динамигін қабырғаға орнату
Берілген пайдалану нұсқауларын қараңыз.

Мыналарды қаласаңыз...

Сабвуферді көлденең орнату


- Сабвуферді алдынан қарағанда “SONY” логотипі сол жақта болатындай етіп орналастырыңыз.



Динамик жастықшалары


3 Жалғау

Теледидарға жалғау



Егер қосылатын ТД оптикалық дыбыстық шығу терминалымен жабдықталмаған болса, HDMI кабелін (жинақта берілмеген, жоғары жылдамдықты түрі) "ARC" жапсырмасы бар HDMI кіріс терминалына қосыңыз. Егер "ARC" жапсырмасы бар HDMI кіріс терминалы басқа құрылғыға қосылған болса, ол құрылғыны ажыратып, осы панель динамигіне қосыңыз.

ТД және басқа құрылғыларға қосқан кезде




Бұл көлемді дыбыс әсерін тиімдірек қолдануға арналған байланыс.

A HDMI кабелі (жинақта берілмеген, жоғары жылдамдықты түрі)
Егер теледидардағы HDMI кіріс терминалында “ARC” жапсырмасы болмаса, екеуін де қосыңыз: **A** және **B**.


C HDMI кабелі (жинақта берілмеген, жоғары жылдамдықты түрі)
Егер ол ТД қосылған болса, оны ажыратып, панель динамигіне жалғаңыз.

4 Жүйені қосу



- 1 Айнымалы ток сымдарын (электр сымдары) қосыңыз.
- 2 (Қосу/күту режимі) түймесін I/⏻ басыңыз.
Дисплей жанады.
- 3 Сабуфердің қосу/күту режимінің шамы жасыл түспен жанғанын растаңыз. Егер олай болмаса, сымсыз тасымал қосылмайды. “Ақауларды жою” тарауының “Сабуферден дыбыс естілмейді” тармағын берілген пайдалану нұсқауларынан қараңыз.
- 4 Жалғанған құрылғыны қосыңыз.

5 Дыбысты тыңдау



Кіріс құрылғысы таңдалды

ТД дыбысын тыңдау

- 1 “ТД” кіріс пәрменін таңдау үшін қашықтан басқару құралындағы (кіріс) түймесін немесе панель динамигіндегі INPUT түймесін қайталап басыңыз.
- 2 Дыбысты реттеу үшін қашықтан басқару құралындағы (дыбыс) түймесін немесе панель динамигіндегі VOL түймесін басыңыз.

ТД басқа кіріс құрылғысынан дыбыс тыңдау

Қашықтан басқару құралындағы (кіріс) түймесін немесе панель динамигіндегі INPUT түймесін қажетті кіріс құрылғысы дисплейде көрсетілгенше қайталап басыңыз.

TV → HDMI 1 → HDMI 2 → HDMI 3 → ANALOG → BT AU



Орнату орындалды! Пайдаланыңыз!



Дыбыс әсерлерін қолдану

Дыбыс әсерін орнату үшін дисплейге қарай отырып, қажетті режимді таңдап, қашықтан басқару құралындағы дыбыс әсері түймелерінің бірін басыңыз.


SOUND FIELD: Кіріс дыбысына сәйкес әсерлер.	CLEARAUDIO+	Тиісті дыбыс параметрлері дыбыс көзі үшін автоматты түрде таңдалады.
	STANDARD	Әрбір дыбыс көзіне сәйкес келеді.
	MOVIE	Диалог анық, дыбыс күшті және шынайы.
	SPORTS	Түсіндірмелер анық, қошамаеттер көлемді дыбыс ретінде естіледі және дыбысы шынайы болады.
	GAME	Дыбыс күшті және шынайы, ойын ойнау үшін сәйкес келеді.
	MUSIC	Дыбыс музыкалық бағдарламаға, музыкалық Blu-ray дисктеріне немесе DVD дисктеріне сәйкес ойнатылады.
	P.AUDIO (Портативті аудио)	Дыбыс DSEE* арқылы портативті музыка ойнатқышына сәйкес ойнатылады.

VOICE: Диалогтардың анық естілуіне көмектеседі.	TYPE1	Стандартты
	TYPE2	Диалог ауқымы айрықша көрсетілген.
	TYPE3	Диалог ауқымы айрықша көрсетілген және егде кісілерге ажыратуға қиын ауқым бөліктері күшейтілген.
NIGHT: Дыбыс диалогтың дәлдігі мен айқындығын жоғалтпай, төмен дауыспен шығарылады.	ON	Night Mode функциясын қосады.
	OFF	Night Mode функциясын өшіреді.

* DSEE - Digital Sound Enhancement Engine, Sony компаниясы жеке дайындаған жоғары
ауқымды орнын толтыру және тамаша дыбысты жаңғырту технологиясы.

Дыбысты BLUETOOTH құрылғыларынан тыңдау

BLUETOOTH құрылғыларын тіркеу кезінде



Жүйені құрылғымен жұптастыру үшін (Жұптастыру)

- 1 PAIRING түймесін басыңыз. BLUETOOTH құрылғысын жұптастыру кезінде  шам тез жыпылықтайды.
- 2 BLUETOOTH құрылғысын жұптастыру режиміне орнатып, “SONY:HT-CT370” таңдаңыз. Егер құпия кілт қажет болса, “0000” енгізіңіз.
- 3 Мына  шамының жанғанын тексеріңіз. (Байланыс орнатылды.)


Кеңес

BLUETOOTH байланысы орнатылған соң, сіз қосқан жабдыққа сәйкес келетін қолданбаны жүктеуді ұсынатын нұсқау көрсетіледі. Көрсетілген нұсқауларды орындап, осы жүйемен жұмыс істеуге мүмкіндік беретін “SongPal” атты қолданбаны жүктеуге болады. “SongPal” туралы мәліметтерді берілген пайдалану нұсқауларындағы “Жүйені смартфон немесе планшettік құрылғы (SongPal) арқылы бақылау” тарауынан қараңыз.

Тіркелген құрылғының дыбысын тыңдау

- 1 “BT AU” көрсету үшін INPUT түймесін қайталап басыңыз. BLUETOOTH құрылғысын жұптастыру кезінде  шам жыпылықтайды.
- 2 BLUETOOTH құрылғысында “SONY:HT-CT370” таңдаңыз.
- 3 Мына  шамының жанғанын тексеріңіз. (Байланыс орнатылды.)
- 4 Қосылған BLUETOOTH құрылғысында аудионы музыкалық бағдарламалық жасақтама арқылы ойнатыңыз.

Бір рет түртіп қосуды пайдалану кезінде (NFC)



1 Смартфоныңызға “NFC Easy Connect” қолданбасын жүктеп алып орнатыңыз және іске қосыңыз.



2 Смартфонмен панель динамигінің N белгісін түртіңіз.

3 Шам (көк) жанғанын тексеріңіз. (Байланыс орнатылды.)

- Үйлесімді құрылғылар

Смартфондар, планшеттер және кірістірілген NFC функциясы бар музыкалық ойнатқыштар
(операциялық жүйе: Android™ 2.3.3 не одан кейінгі нұсқалары, Android 3.x қоспағанда)



* 4 4 8 8 9 6 9 2 1 * (2)